На детали и узлы, замененные при ремонте в авторизованном сервисном центре, предоставляется гарантия 3 месяца. Техническое обслуживание электрооборудования на предмет установления гарантийного случая производится только в авторизованном сервисном центре.

ВНИМАНИЕ! При покупке изделия требуйте проверки комплектности и исправности, а также правильного заполнения

гарантийного талона.

Список сервисных центров можно узнать у продавца или на сайте **ставр.рф, www.stavr-tools.ru**

ШУМОВИБРАЦИОННЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ

Шумовибрационные характеристики соответствуют европейским стандартам.

Шум	Вибрация
LpA: 78dB(A)	ah: 2,462m/s ²
LwA: 89dB(A)	K: 1,5m/s ²

Фирма-производитель обращает внимание покупателей, что при эксплуатации электрооборудования в рамках личных нужд и соблюдения правил пользования, приведенных в данном руководстве по эксплуатации, срок службы цепной электрической пилы может значительно превысить указанный в настоящем руководстве.

ВНИМАНИЕ! Технические характеристики электрооборудования могут частично отличаться от заявленных при использовании в целях, не оговоренных настоящим руководством, использовании неисправных или неподходящих расходных материалов, при работе в условиях пониженной температуры или ненадлежащем хранении и обслуживании.

РУКОВОДСТВО ПО ЭКСПЛУАТАЦИИ**ТЕХНИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ**

Напряжение сети / Частота	220 В ± 10 % / 50 Гц
Потребляемая мощность	1600 Вт
Расположение двигателя	Т-поперечное
Длина шины	14" / 350 мм
Скорость цепи	12 м/с
Шаг зубьев цепи	3/8"
Количество зубьев цепи	52
Толщина звена	0,05" / 1,3 мм
Смазка цепи	Специальное масло для смазки пильных цепей
Емкость масляного бака	130 мл
Автоматическая смазка цепи	Имеется
Длина сетевого кабеля	0,25 м
Масса	3,5 кг

Данное оборудование соответствует требованиям:

Технического регламента Таможенного союза ТР ТС 004/2011 «О безопасности низковольтного оборудования», утвержденного Решением Комиссии Таможенного союза от 16 августа 2011 г. №768;

Технического регламента Таможенного союза ТР ТС 010/2011 «О безопасности машин и оборудования», утвержденного Решением Комиссии Таможенного союза от 18 октября 2011г. № 823;

Технического регламента Таможенного союза ТР ТС 020/2011 «Электромагнитная совместимость технических средств», утвержденного Решением Комиссии Таможенного союза от 9 декабря 2011г. №879

Импортер и уполномоченная организация по принятию претензий:

ООО «Союз»

Адрес: 432006, Россия, г. Ульяновск, ул. Локомотивная, 14

Изготовитель: НИНБО ДЖИНМИНГ ИНТЕРНАЦИОНАЛ ТРАДЕ КОРПОРЕЙШН, ЛИМИТЕД.

Адрес: Ромм Л2, 21Ф, Блок А, Интернационал Экзибитион Центре, №168 Байжанг Рoad, Нинбо, Чжэцзян, 315040, Китай.

Сделано в КНР

Дата изготовления указана на серийном номере. В соответствии со стандартом изготовителя серийный номер содержит: номер заказа / месяц и год изготовления / порядковый номер изделия.



Электр шынжырлы ара ағаштарды бөлмелерде, сонымен бірге одан тыс жерлерде ағаш сүрекертерін тұрмыстық мұқтаждықтардың аясында арамен кесу үшін қолданылады. Аталған араны тағайындалуы бойынша қолданбау кепілдікті жөндеуден бас тартудың негіздемесі болып табылады.

Шынжырлы қол ара электр моторынан, бағыттаушы шинадан, ағаш кесетін шынжырдан, шынжыр тежеуіштерінен, негізгі және қосымша тұтқалардан тұрады. Ара тұрмыстық электр желісінен қуат алады және ағаш сүрекертерін және ағаштан тұратын материалдарды, бұталарды, ағаштарды кесу, отын дайындау үшін қолданылады.

Электр шынжырлы ара жоғары қауіп көзі болып табылады, сондықтан қысқа желілік кабель қолданылады, бұл қуат беруші желіден тез ажыратылуға мүмкіндік береді.

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН

1. Электр шынжырлы араны аталған нұсқаулықта көрсетілгендерден басқа қандай да болмасын мақсаттар үшін қолданбау керек. Электр жабдығын басқа тұлғаларға берген жағдайда оны пайдалану ережелері жөнінде толығырақ айтыңыз және аталған нұсқаулықпен таныстырыңыз.

Араны аталған нұсқаулықпен танысып алмай пайдалану күрделі жарақаттарға және жабдықтың бүлінуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

2. Шынжырлы араны кәмелеттік жасқа толмаған тұлғалардың немесе электр құралын қолдануға физикалық деректері жеткіліксіз адамдардың қолдануларына жол бермеңіз.

3. Электр жабдығының жанында

балалардың, жануарлардың немесе бөгде тұлғалардың болуларын болдырмаңыз.

4. Араны қолданғаннан кейін бірден, техникалық немесе сервистік қызмет көрсетудің алдында қуат беруші желіден ажырату керек, сонымен қатар:

- шынжырды немесе шинаны орнатудың/ шешудің алдында; - шынжыр кернеуін реттеудің алдында; - кез келген ақаулықтар орын алған жағдайда.

5. Шынжырлы араны немесе оның жекелей бөліктерін суға және басқа да сұйықтықтарға батыруға болмайды, сонымен бірге жаңбырдың және басқа да жауын-шашындардың әсеріне ұшыратуға болмайды.

6. Электр арасымен оңай тұтанатын сұйықтықтардың немесе газдардың маңында жұмыс жасауға тыйым салынады. Сонымен бірге іштерінде оңай тұтанатын сұйықтықтар немесе газдар бар газ баллондарының және ыдыстардың, сонымен қатар қысым күшіндегі ыдыстардың маңында жұмыс жасауға тыйым салынады.

7. Бүлінген немесе ақаулы шынжырды қолдануға тыйым салынады.

8. Араның бөліктері ашық кезде жұмыс жасауға тыйым салынады.

9. Бүлінген шинамен жұмыс жасауға тыйым салынады.

10. Араны тек оның тұтқасынан ұстап қана жылжытыңыз.

11. Жұмысты бастаудың алдында желе параметрлерінің электр құралында және осы нұсқаулықта көрсетілген параметрлерге сәйкес екендіктеріне көз жеткізіп алыңыз.

12. Жұмыс алдында желілік кабелдің, ажыратқыштың, шинаның және шынжыр тежеуіштерінің бүтіндігін тексеріп алыңыз.

13. Қуат беруші желіге қосудың алдын-

да ажыратқыштың «Ажыр.» күйінде тұрғандығына көз жеткізіп алу қажет.

14. Жұмыс уақытында шынжырлы электр арасымен жұмыс жасауға жарайтын (қауіпсіздікті қамтамасыз етуші арнайы костюм және қолғаптар) киімдерді кию ұсынылады. Сонымен бірге көздерді жоңқалар мен шаңнан қорғауға арналған көзілдірікті және қорғаушы құлаққаптарды кию керек болады.

15. Желіге қосылған шынжырлы ара әрқашан сіздің назарыңызда болу керек.

16. Жұмыс уақытында араны тұтқасынан берік ұстаңыз. Жұмыс істеп тұрған немесе іске қосылу сәтіндегі араны бір қолмен ұстауға рұқсат етілмейді.



17. Шынжырлы араны қуат беруші желіден ажырату кезінде желілік кабелдің істікшесінен ұстаңыз.

18. Қуат беруші электр желісінен апаттық немесе кездейсоқ ажыратылу кезінде, сонымен қатар электр энергиясын беруде іркілістер орын алған кезде шынжырлы араны сөндіріңіз және желілік кабелдің ашасын резеткіден шығарыңыз.

19. Жұмыс және техқызмет көрсету аталған нұсқаулыққа қатаң сәйкес жүзеге асырылуы керек.

20. Электр жабдығын және майды ешқашан булану ұшқындаудың немесе

ашық оттың көздеріне айналуы мүмкін жерлерде сақтамаңыз.


21. Электр жабдығын ол құлап қалса немесе онда бүлінудің қандай да болмасын іздері көрінсе қолданбаңыз. Диагностика және жөндеу үшін авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

22. Ара, желілік кабель, шина, шынжыр, кергіш немесе тежеуіш бүлінген кезде қауіптерге жол бермеу үшін оны дайындаушы, оның агенті немесе аналогтік біліктік тұлға жөндеуі керек. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету қолданыстағы тарифке сай авторландырылған сервистік орталықта жүзеге асырылады.

23. Шынжырлы араның жұмысы кезінде қолайсыздықтар орын алған жағдайда оның құрылымын өзгертуге тырыспаңыз. Өндіруші арқылы ұсынылған шығын материалын ғана қолданыңыз.

24. Электр жабдығын бүлдіруі мүмкін тазартқыш құралдарды қолданбаңыз (бензин және басқа да агрессивтік заттар).

25. Балалардың шынжырлы электр арасына жанасуларына рұқсат бермеңіз.


ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ

1. Негізгі тұтқасы
2. Май бағының қақпағы
3. Қосымша тұтқасы
4. Қаптамасы
5. Тісті тіреуіш
6. Шина
7. Тізбекті тартқыш
8. Ерікті іске қосудан сақтандырғыш
9. Ажыратқыш
10. Желілік кабель
11. Май деңгейінің индикаторы
12. Щеткалы түйін
13. Желдету тесіктері

ЖЕТКІЗІЛІМ ЖИЫНТЫҒЫ

1. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық
2. Шнжырлы электр ара
3. Шина
4. Шинаға арналған тысқап
5. Ағаш кесетін шнжыр

ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ

1. Электр арасын қуат беруші желіге қосудың алдында желі параметрлерінің осы нұсқаулықта және электр жабдығында көрсетілген талаптарға жауап беретіндіктеріне көз жеткізіп алыңыз.
2. Қосу алдында электр желісінің бір фазалы, жерге тұйықталушы бейтараптама болып табылатындығына көз жеткізіңіз.
3. Электр арасының және желілік кабелдің, сонымен қатар шинаның, шынжырдың, тұтқаның, шынжыр тежеуіштерінің, кергіштің және ажыратқыштың бүтіндігін тексеріп алыңыз.
4. Ұзартқышты қолдану кезінде оның қолданылушы жабдықтың қуатына есептелгендігіне көз жеткізіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Бірінші рет қолданудың алдында кіші баққа май құю және араға шинасыз және шынжырсыз бос жүрісте бірнеше минут бойы редуктордың корпусындағы саңылауда май пайда болғанша дейін жұмыс істеткізу қажет. Осыдан кейін шинаны және шынжырды орнату керек.

ШИНАНЫ ЖӘНЕ ШЫНЖЫРДЫ ОРНАТУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Монтаждау кезінде араны әрдайым электр желісінен ажыратыңыз және қорғаныстық қолғаптарды киіңіз.

Шинаны (6) және шынжырды орнату үшін бекіткіш сақинаны бұрап босатыңыз және қаптаманы шешіңіз. Қақпақтың бекіткіш бұрандамасын шинаға кигізіңіз, бұл ретте шина кергіш орнатқыш саңылауға кіруі керек. Шинаны ең артқы күйге орналастырыңыз. Шынжырды

жетекші жұлдызшаға кигізіңіз және шина пазаларына салыңыз. Шынжыр қозғалыстарының бағыты буындарда көрсетілген.



Қаптаманы орнатыңыз және бекіткіш сақинаны қолдан әлсіретіңіз. Шынжыр кергіштің (8) бұрандасын оң жаққа айналдырумен шынжырды тартып бекітіңіз. Егер шинаның ортасында шынжырды 5-6 мм 1 кгс күштің әсерімен тартуға болса, онда шынжыр кергіш дұрыс орнатылған, және бұл ретте шынжырды қолмен шинаны бойлай керуге де болады. Бекіткіш сақинаны сенімді тартып бекітіңіз. Жаңа шынжыр кергішті орнату кезінде оны тұрақты тексеріп отыру керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Шынжыр кергіш дұрыс тартылған кезде максималды өнімділікке қол жеткізіледі және оның қызметтік мерзімі ұзаратын болады.

ШЫНЖЫРДЫ МАЙЛАУ ЖӘНЕ МАЙ БАГЫН ТОЛТЫРУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Шынжырлы ара бос май контейнерімен жеткізіледі, сондықтан, бірінші рет іске қосудың алдында контейнерге май құйыңыз.

Майлау үшін шынжырларды майлауға арналған жақсы ұстайтын қасиеттерімен арнайы май ұсынылады.

Шынжырды жұмыс процесі кезінде майлау автоматты жүргізіледі. Май бағын толтыру үшін қақпақты (2) ашыңыз, бұл ретте май бағына лайдың түсіп кетпеуін қадағалаңыз. Май бағын маймен толтырыңыз. Май

бағының мойнынан және қақпақтың ішкі қуысынан май қалдығын кетіріңіз. Май бағының қақпағында ауа клапаны болады, ол бітеліп қалған кезде сорғы жұмыс істеймей қалады. Араны пайдалану кезінде осы клапанның таза болып қалуын қадағалаңыз.

Қақпақты тығыздап жабыңыз. Жұмыс кезінде май деңгейіге мезгіл-мезгіл деңгей бақылау терезесі (11) арқылы назар аударып отырыңыз.

Май бағын өз уақытында маймен толтырмаған кезде, сонымен бірге май құбырын бөлшектеуден және тазалаудан кейін май беру жүйесіне ауа келіп түседі.

Жұмыс алдында әрбір ретте араны қосып және оны жарық бетке жанастырмай ұстай отырып май деңгейін және майлау жүйесін тексеріп отырыңыз. Егер бетте майдың іздері пайда болса, демек майлау жүйесі қалыпты жұмыс істейді. Егер май іздері көрінбесе, редуктор корпусындағы майға арналған шығыс саңылауды және шинадағы тиісті саңылауды тазалау қажет.

Егер май деңгейі «мин» белгісінен төмен болса араның жұмысын бастамаңыз. Май бағын деңгей терезенің жоғары жиегіне жеткенше дейін маймен толтырыңыз.

Май жетпеген кезде шина мен шынжыр тез істен шығатын болады. Майдың жетіспеушілігі шина мен шынжырдың қызып кетуін шақырады. Шина мен шынжырдың қызып кетуінің белгілері: түтін шығады, шина түсін өзгертеді.

Жұмыс процесінде шынжырға май берілу деңгейін қадағалап отыру қатал ұсынылады. Май жеткіліксіз немесе артық берілген жағдайда май беруді реттегіштің көмегімен беруді реттеу қажет, ол үшін авторландырылған

сервистік орталыққа жүгіну қажет.


ЕСКЕРТУ:

Пайдаланылған майды ешқашан қолданбаңыз. Бұл май сорғысының, шинаның, шынжырдың бүлінуіне әкеліп соқтырады!

Жаңа шынжырды қолданудың алдында оны майлау қажет. Оны араға орнатудың алдында оны майда кем дегенде бір сағаттай ұстаңыз.

ПАЙДАЛАНУ


Электр арасымен өз жұмысыңызды алдын-ала мұқият ойластырыңыз. Егер сізде жұмыс үшін еркін кеңістік, жеке қорғаныс құралдары болмаса, және сіз шегіну жолында белгіленген ағашты құлатуды ойласаңыз аралауды бастамаңыз.



Шынжырлы электр арасын әрдайым дұрыс ұстаңыз. Сол жақ қолдың саусақтары алдыңғы тұтқаны қамтуы, ал үлкен саусақ оның астында болуы керек. Оң жақ қол сіздің оңқай немесе солақай екендігіңізден тәуелсіз артқы тұтқаны толықтай қамтуы керек. Сол жақ қол тура болуы, ал шынтак бекітілген болуы керек. Арамен кесудің тәсілінен тәуелсіз оң және сол жақ қолдарды орындарымен ауыстырмаңыз. Қос аяқта мығым, сіздің денеңіз жұмыс істеп тұрған шынжырмен бір қатарда болмағандай етіп аздап солға қарай тұрыңыз.

КЕРІ СОҚҚЫ

Кері соққы – бұл жұмыс істеп тұрған араның бағыттаушы шинасының үстіңгі төртінші соңғы бөлігінің бөрене немесе бұтақ секілді нысанға жанасуы кезінде орын алатын араның жоғары және артқа тез қозғалысы.



Кері соққы және қысылып қалған кездегі тартылыс шынжыр қысылған бола отырып немесе ағаш сүрегінің ішіндегі бөгде нысанмен түйісуі нәтижесінде кездейсоқ тоқтап қалған кезде орын алады. Шынжырдың мұндай кездейсоқ тоқтауы реверсивтік күштің пайда болуына әкеліп соқтырады және электр арасын шынжырдың қарама-қарсы бағытқа айналуына мәжбүрлейді. Осылайша, кері соққы қысылу кезінде электр арасын тура артқа операторға лақтырады, ал тартылыс, керісінше, араны оператордан тартады. Осы реакциялардың әрқайсысы араны бақылаудың жоғалуына және ауыр жарақаттарға әкеліп соқтыра алады. Бұндай жағдайларға жол бермеу үшін аралауға арналған алаңшаны тазалаңыз, жұмыс аймағынан барлық қажетсіз заттарды алып тастаңыз.

НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ! Ешқашан бірнеше бөренені бір уақытта араламаңыз.

Шиналарды төменгі кескіштен шығару кезінде электр арасын бұрамаңыз. Электр арасын әлдеқашан жасалған кесікке қою кезінде ерекше сақ болыңыз, Шинаның ұштарымен (сүңгіме ара-

лау) кесуге тырыспаңыз және жылжышы шынжырдың бағыттаушы шинаның соңғы бөлігінің бөгде нысандармен түйіспеулерін қадағалаңыз.

ЕСКЕРТУ: Мотор сөндірілген және кабелдің электр желісінен ажыратылуы кезінде шынжыр кергішті тұрақты тексеріп отырыңыз.

Кері соққыдан сақтандырушы құрылғы:

1. Кері соққының әсерін төмендетуші бағыттаушы шина шина ұшының кіші радиусына ие, бұл кері соққының пайда болуына жауап беретін шина ұшындағы қауіп аймағының көлемін кемітеді;
2. Шынжырдың төмендетуші кері соққысы кері соққының күшін қайта бағыттайтын және кескіш элементке ағаш сүрегіне біртіндеп кіруіне мүмкіндік беретін түрлі өлшемдегі сақтандырғыш контурлық буындармен жабдықталған;
3. Алдыңғы тұтқа және шынжыр тежеуіші электр арасына олардың арасында аралық болғандай және олардың бір сызықта болатындай етіп орналасқан. Аталған құрылыммен қамтамасыз етілетін қолдардың арасындағы қашықтық және олардың бір сызықта орналасуы қолайлы теңгерме және төзімділік үшін жағдай жасайды, сонымен қатар кері соққы кезінде сақтандырады.

КЕРІЛІСТІ ТЕКСЕРУ

Шынжырды бағыттаушы шинаның бойымен жылжытыңыз. Егер шынжыр айналмаса, демек, керіліс тым күшті. Егер тым әлсіз болса, шынжыр шинаның астында салбырайтын болады.

ЕСКЕРТУ:

Шынжырдың дұрыс керілісі өте маңызды. Қолдану кезінде шынжыр керіледі. Электр арасымен алғашқы

жұмыс жасаған кезіңізде шынжырдың керілісін ерекше мұқият қадағалаңыз. Араны қолдану алдында әрқашан керілісті тексеріп отырыңыз. Сіз шынжыр керілісін реттеуші бұранданың көмегімен реттей аласыз. Шынжыр керілісін қайта тексеріңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Тек ағаш сүрегін ғана аралаңыз. Металды, пластикті, тас қалауын, ағаш емес құрылыс материалдарын және т.б. араламаңыз. Егер шынжыр бөгде нысанға тап болса электр арасын сөндіріңіз.

Араны қарап шығыңыз және оны қажет болған жағдайда жөндеңіз. Электр арасының құммен және лаймен жанасуына жол бермеуге тырысыңыз. Тіпті аздаған мөлшердегі лай араның шынжырын тез мұқалтады және кері соққының пайда болу ықтималдылығы ұлғаяды.

Аралау аяқталғаннан кейін қозғалтқыштың босқа жұмыс істеуіне мүмкіндік бермей батырманы босатыңыз. Электр арасын егер ол ұзақ уақыт жүктемесіз жұмыс істейтін болса күрделі бүлінуі мүмкін. Араны бақылауды жоғалтпау үшін аралау аяқталғаннан кейін оған аралаудың соңында күш түсірмеңіз.

ЖҰМЫСТЫҢ АЯҚТАЛУЫ

1. Жұмыс істеп тұрған араны дайындамадан абайлап шығарыңыз.
2. Электр арасын сөндіріңіз.
3. Желілік кабелдің ашасын электр желісінен ажыратыңыз.
4. Араның корпусын, шынжырды және шинаны жоңқалардан және қоқыстан тазалаңыз.

ЕСКЕРТУ: Ғимараттар мен электр сымдарының маңында, егер сіз ағаштың

құлау бағытын білмесеңіз; сіз жақсы көре алмайтын кеш уақытында; жаман ауа-райы кезінде, жаңбыр, қар жауып тұрған немесе қатты жел кезінде араламаңыз, себебі бұл жағдайда ағаштың құлау бағытын болжау мүмкін емес. Барлық жұмыс процесін алдын-ала мұқият ойластырып алыңыз. Ағаштың маңында сіздің жылжи алығы үшін еркін кеңістік болуы керек. Еркін артқа шегіну жолын дайындап алыңыз. Ағашта шіріген орындардың жоқ екендігін қарап шығыңыз. Егер дің майысқан болса, ол сынып қалуы және операторға құлауы мүмкін.

Ағаштың құлауына орын жеткілікті екендігіне көз жеткізіңіз. Ағаш пен жақын маңдағы адамдардың немесе басқа да нысандардың арасындағы қауіпсіз ара қашықтық ағаштың ұзындығынан 2,5 кем болмауы керек. Құлатайын деп жатқан ағаштан лайларды, тастарды, қабықтың қыртыстанған кесектерін, шегелерді және сымды алып тастаңыз.

САҚТАУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Электр арасын сақтау және техқызмет көрсетудің алдында желілік кабелді әрдайым желіден ажыратыңыз.

Араны қоршаған ортаның 0°C-тан +40°C-қа дейінгі температурасында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын, балаларға қолжетімді болмайтын жерлерде, жану көздерінен қауіпсіз қашықтықта шинаға қорғаныстық қаптаманы кигізумен сақтау керек.

Ұзақ мерзімге созылатын жұмыссыз тұру қалу кезінде сыртқы металл тораптары мен бөлшектерін консервациялаушы май қабатымен жабу керек.

Сақтау және тасымалдау шарттары механикалық бүлінулердің және

атмосфералық жауын-шашындардың әсер етулерін болдырмауы керек.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Араға техникалық қызмет көрсетуді жанулар мен күйіктерді болдырмау үшін тек мотордың толық суығанынан кейін ғана жүргізу керек.

1. Шынжырлы электр арасын және қосымша керек-жарақтарды лай мен жоңғалардан тазалау. Қатты ластанған жағдайда араны тамшы түріндегі ылғалдың түсін болдырмайтын дымқыл майлықпен сүрту, одан кейін құралды құрғатып сүрту. Корпус материалына, шынжырлы электр арасының тораптары мен бөлшектеріне теріс әрекет етуші сұйықтықтарды, химиялық заттарды және басқа да заттарды қолдануға тыйым салынады (мәселен, ацетон, еріткіштер, қышқылдар, сілтілер және т.б.).

2. Бағыттаушы шина шешілгеннен кейін шина пазаларын және май беруге арналған саңылауды шаң мен лайдан тазалаңыз.

3. Бағыттаушы шинаның алдыңғы бөлігіндегі жұлдызша майлағыш саңылаудың бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қажет болған жағдайда оны тазалау және майлау керек. Бағыттаушы шинаның қызметтік мерзімін ұзарту үшін оны тұрақты бұрап отыру керек. Дұрыс және тұрақты қызмет көрсету араның пайдалану мерзімін ұзартады және сапасын арттырады. Қолданушы тек осы нұсқаулықта аталған техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды ғана жүргізе алады, Қызмет көрсетудің және жөндеудің басқа түрлері авторландырылған сервистік орталықтарда жүзеге асырылулары керек. Қолданушы шынжырлы электр арасын тазалықта ұстауы керек. Шөткенің

немесе таза ауаның көмегімен желдеткіш саңылауларды тұрақты тазалап отырыңыз. Күн сайын жұмысты бастаудың алдында техникалық байқауды жүргізу керек. Техникалық қызмет көрсету және диагностика жүргізу үшін авторландырылған сервистік орталықтарға кем дегенде алты айда бір рет жүгініп отыру ұсынылады.

ШЫНЖЫРДЫҢ ЖЕТЕКШІ ЖҰЛДЫЗШАСЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Шынжырдың жетекші жұлдызшасын сызаттар мен күшті тозықтың бар ма екендігін тұрақты тексеріп отыру керек. Егер сіз сызаттар мен күшті тозықты аңғарсаңыз, онда авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну керек болады. Шынжырды ауыстыру кезінде бір уақытта шынжыр жұлдызшасын да ауыстыру керек болады. Ешқашан жаңа шынжырды тозған шинаға немесе тозған шынжырды жаңа шинаға қолданбаңыз.

ШЫНЖЫРЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Шынжырлардың ұшталуын қадағалаңыз. Бұл бірқалыпты және қауіпсіз жұмыспен қамтамасыз етеді.

Шынжырды келесі жағдайларда ұштау қажет:

- жоңқалар ұштақ секілді ұсаққа айналады;
- сіз араға көптеу күш түсіруге мәжбүрсіз;
- кесу тура жүрмейді;
- діріл артады.

ШЫНЖЫРЛАРДЫ ҰШТАУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Қорғанысты қолғаптарды киюді ұмытпаңыз.

Шынжырды ұштаудың алдында:

1. араның желіден ажыратылғандығына

көз жеткізіңіз;
 2. шынжырлардың сенімді бекітілгендігіне көз жеткізіңіз;
 3. шынжырларды ұштау үшін тиісті өлшемдегі арнайы дөңгелек егеуді қолданыңыз.
 Егеудің өлшемі 3/16 дюйм (4,76 мм) болуы керек (жеткізілім жиынтығына кірмейді).
 Егеуді шынжырдың тісіне орналастырыңыз және оны суретте көрсетілгендей етіп дұрыс ұстаңыз. Егеудің қозғалысын тек бір бағытқа АЛҒА жүргізу керек!



21BP, 21VB:
 0.25" (0.45mm)



Шынжырлардың әрбір тісі ұшталғаннан кейін, барлық тістердің кесу тереңдігін қалып бойынша (жеткізілім жиынтығына кірмейді) тексеріңіз және, қажет болған жағдайда артықтарын егеумен қайраңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Кері соққының ықтималдылығына немесе шынжырлар буындарының үзілуіне жол бермеу үшін шынжырлардың алдыңғы тістерін сіздің дұрыс дөңгелектегеніңізге көз жеткізіңіз. Шынжырлардың барлық тістерінің ұзындықтары және ұштау бұрышының бірдей екендіктеріне көз жеткізіңіз.

БАҒЫТТАУШЫ ШИНА

Бағыттаушы шинаның қызметтік мерзімін ұлғайту үшін оны тұрақты бұрап отыру керек.

Бағыттаушы шинаның жиегі әрдайым тікбұрышты пішінге ие болуы керек. Бағыттаушы шинаның тозуын қарапайым сызғыштың көмегімен оны шинаға және шынжырға бір уақытта қыса отырып тексеріңіз. Егер сызғыш пен шинаның арасындағы аралық сақталса, шина қалыпты деген сөз. Егер сызғышты шынжырлардың тістері жағына ауытқыту мүмкін болса демек шина деформацияланған және оны жалпақ егеумен тегістеу (жиектерге немесе бүйірлерге тікбұрышты пішін бере отырып) немесе ауыстыру керек болады.

ҚЫЗМЕТ МЕРЗІМІ

Бұл өнім барлық талаптарын сақтаған кезде, осы пайдаланушы нұсқаулығын тиіс атқара кемінде 3 жыл болуы тиіс. Өндіруші- Фирма құқығын өзіне қалдырады конструкциясына және жинақтауды керек емес на-шарлататын пайдалану тауар сапасы.

САҚТАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Жуғышты табиғи желдетілетін жабық бөлмеде, балаларға қолжетімді емес орында, 0°C-тан +40°C-қа дейінгі қоршаған орта температурасында және 80%-ға дейінгі ауаның салыстырмалы ылғалдылығы шарттарында сақтау керек.

КЕПІЛДІК ШАРТТАР

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Бұйымды сатып алу кезінде жиынтықтылығын және дұрыстығын тексеруді, сонымен қатар кепілдік талонының дұрыс толтырылуын талап етіңіз.

1. Кепілдік міндеттемелер сатып алынған күні, сериялық нөмірі, сауда ұйымының мөрі (мөртабаны), сатушының қолтаңбасы көрсетілген кепілдік талоны дұрыс толтырылған кезде ғана жүзеге асырылады. Сізге дұрыс толтырылған кепілдік талоны болмаған жағдайда бізСіздің аталған ұйымның сапасы бойынша шағымыңызды қабылдамауға мәжбүр боламыз.

2. Түсінбеушіліктерге жол бермеу үшін бұйыммен жұмыс жасауды бастамастан бұрын Сізден пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен мұқият танысып шығуды өтінеміз.

3. Сіздің назарыңызды бұйымның тек тұрмыстық тағайындалуға ғана арналғандығына аударамыз.

4. Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнамасы аталған кепілдік шарттардың құқықтың негіздемесі болып табылады, атап айтқанда, «Тұтынушылардың құқығын қорғау» Федералды заңының соңғы ре-дакциясы және Ресей Федерациясының Азаматтық кодексі.

5. Бұйымға кепілдік пайдалану мерзімі 12 айды құрайды. Бұл мерзім бөлшектік желі арқылы сатылғаннан күнінен бастап есептеледі.

6. Біздің кепілдік міндеттемелер тек кепілдік мерзімнің ішінде анықталған ақаулықтарға және дайындаушы кәсіпорынның кінәсі бойынша жол берілген өндірістік, технологиялық және құрылымдық ақауларға ғана та-ралады.

7. Кепілдік міндеттемелер келесілерге таралмайды:

7.1. Бұйымда келесідей жағдайлардың нәтижесінде пайда болған ақаулықтарға:

- қолданушы арқылы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы нұсқамалардың сақталмауы;

- сыртқы және кез келген басқа да әсерлер арқылы шақырылған механикалық бүлінулер;

- бұйымды тағайындалу бойынша қолданбау;

- жаңбыр, қар, жоғары ылғалдылық, қызу, агрессивтік орталар, қуат беруші электр желілері параметрлерінің пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес болмауы секілді жағымсыз атмосфералық және сыртқы әсерлер;

- өндіруші арқылы ұсынылмаған немесе мақұлданбаған керек-жарақтарды, шығын материалдары мен қосалқы бөлшектерді қолдану;

- бұйымның ішіне бөтен заттардың түсіп кетуі немесе желдетуші саңылаулардың көп мөлшердегі шаң, лай және т.б. секілді қалдықтардан бітеліп қалуы.

7.2. Уәкілетті емес тұлға арқылы ашылған, жөнделген немесе түрлендірілген бұйымға.

7.3. Бұйымда лайықсыз пайдаланудың немесе сақтаудың салдарынан пайда болған ақаулықтарға:

- бұйымның металл элементтерінде тоттардың болуы;

- коллекторда қышқыл тотықтардың болуы;

- желелік кабельдің үзілуі мен тілінуі;

- корпустың.

7.4. Электрлі қозғалтқыштың немесе басқа тораптар мен бөлшектердің істен шығуларына әкеліп соқтыратын бұйымның асқын жүктелуінің нәтижелерінде пайда болған ақаулықтарға.

Асқын жүктелудің сөзсіз белгілеріне жататындар:

- бұйымның бөлшектері мен тораптарының деформациялануы мен балқуы;

- коллекторда немесе бұрыштық шөткелерде қақтардың пайда болуы;

- ротор мен электрлі қозғалтқыш статорының бір уақытта істен шығуы;

- сымдар оқшаулағыштарды қарауы немесе күйі.

7.5. Шығын материалдары, көмір шөткелері, шина, шынжыр, қаптама және басқалар секілді мерзімдік ауыстырып отыруға лайықты ауыстырмалы бөлшектер, тораптар.

7.6. Оқылатын сериялық нөмірі жоқ бұйымға.

Сіздің назарыңызды бұйымды сервистік орталыққа және одан жеткізудің соңғы тұтынушы (иегері) арқылы немесе оның қаражатының есебінен жүзеге асырылатындығына аудартамыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Бұйымды сатып алу кезінде жиынтықтылығы мен дұрыстығын тексеруді, сонымен қатар кепілдік талонның дұрыс толтырылуын талап етіңіз.

Авторландырылған сервистік орталықтарда ауыстырылған бөлшектер мен тораптарға 3 ай кепілдік беріледі. Құралға кепілдік жағдайды орнату бойынша техникалық қуәландыру тек авторландырылған сервистік орталықта ғана жүргізіледі.

Дайындаушы-фирма сатып алушылардың назарын бұйымды жеке мұқтаждықтары аясында пайдалану кезінде осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген қолдану ережелерін сақтау бұйымның қызметтік мерзімі осы нұсқаулықта көрсетілген мерзімнен айтарлықтай асып кетуі мүмкін екендігіне аудартады.

Дайындаушы-фирма өзіне тауардың сапасын нашарлатпайтын құрылымы мен жиынтығына өзгерістер енгізу құқығын қалдырады.

Сервистік орталықтардың тізімін сатушыдан немесе ставр.рф, **www.stavr-tools.ru** сайтынан білуге болады.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Желі кернеуі Жиілік	220 В ± 10% 50 Гц
Тұтынылушы қуат	1600 Вт
Қозғалтқыштың орналасуы	T-көлденең
Шина ұзындығы	14" / 350 мм
Шынжырлардың жылдамдығы	12 м/с
Шынжырлардың тістерінің қадамы	3/8"
Шынжырлардың тістерінің саны	52
Буының қалыңдығы	0,05" / 1,3 мм
Шынжырларды майлау	Кескіш шынжырларды майлауға арналған арнайы май
Май багының сыйымдылығы	130 мл
Шынжырларды автоматты майлау	Бар
Желілік кабелдің ұзындығы	0,25 м
Салмағы	3,5 кг
Қызметтік мерзімі	3 жыл

Импорттер/шағымдарды қабылдауға уәкілетті ұйым: «Союз» ЖШҚ
Мекен-жай: 432006, Ресей, Ульяновск қ.,
Локомотивная көш., 14.

Дайындаушы: НИНБО ДЖИНМИНГ ИН-
ТЕРНАЦИОНАЛ ТРАДЕ КОРПОРЕЙШН,
ЛИМИТЕД.

Мекен-жай: Ромм Л2, 21Ф, Блок А, Ин-
тернационал Экзибитион Центре, №168
Байжанг Род, Нинбо, Чжэцзян, 315040,
ҚЫТАЙ.

ҚХР жасалған.

Дайындалған күні сериялық нөмірде көрсетілген. Дайындаушының стандартына сәйкес сериялық нөмір келесілерден тұрады: тапсырыс нөмірі / дайындалған айы мен жылы / бұйымның топтамдағы реттік нөмірі.

